



"Арлан" полицияға жәрдемдесу жасағының жұмысы туралы ереже

"Арлан" полицияға жәрдемдесу жасағы жынысы мен жасына қарамастан колледж оқушыларының еркіті қоғамдық бірлестігі болып табылады, студенттерді тәрбиелеу және оқу орнының тәртібі мен ішкі режимін сактау бойынша жұмысты жүргізеді.

"Арлан" полицияға жәрдемдесу жасағының аппараты жасақ жетекшісі мен оның мүшелерінен турады.

Жасақтың негізгі міндеттері

1. Колледждің қоғамдық өміріне белсенді қатысу, студенттер арасында, «толлеранттылық пен патриотизм» құндылықтарын дәрілтеп насиҳаттау.
2. Мәдени-бұқаралық, спорттық және ойын-сауық іс-шараларын өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қорғауды жүзеге асыру.
3. Бірлескен іс-шараларды өзірлеу және тәжірибе алмасу мақсатында басқа оқу орындарымен өзара қарым-қатынас жасау.
4. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекторға оқушылар тарапынан оқу орны аумағында және қоса беріліп отырған шағын участке аумағында тәртіп бұзушылықтардың алдын алу бойынша көмек көрсету.
5. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі полиция инспекторымен бірлесіп, сабактан кейін және оқудан бос уақытында өзін теріс жағынан көрсеткен жасөспірімдерге тұргылықты жері бойынша бару. Мереке күндері колледж дискотекаларында кезекшілік өткізу.
6. Семинарлар, дәрістер, конференциялар, викториналар, кездесулер және т.б. ұйымдастыру.

"Арлан" полицияға жәрдемдесу жасагы мүшелерінің құқықтары

1. Қала ауқымында қоғамдық тәртіпті сактау жөніндегі іс-шараларға қатысу (колледж әкімшілігінің келісім бойынша).
2. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекторға іс-қағаздарын жүргізуде жәрдем көрсету.
3. Оқушылардан ішкі тәртіпті сактауды талап ету.
4. Оку орнының басылымдарында өз жұмыстары мен есептерін жариялау.

Жасақ басшысының міндеттері

1. Жетекшілік ету.
2. Жасақ бойынша шешімдер қабылдау және шыгару.
3. Колледж директорының бұйрықтарын бақылап, олардың орындалуын қамтамасыз ету.
4. Жасақ мүшелерінің кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспектор өткіzetін сабактарға қатысуын бақылауды жүзеге асыру.
5. Колледж әкімшілігі алдында атқарылған жұмыстар туралы есеп беру, мәжілістерде баяндама жасау.
6. Жалпы колледждік және сиынптан тыс іс шараларды өткізу кезеңінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуді бақылауды жүзеге асыру.
7. Жасақ мүшелерімен нұсқаулық өткізу.
8. Топ мүшелерінің жұмысын жоспарлау және тапсырылған жұмыс участкесі үшін дербес жауап беру.

Жасақ мүшелерінің міндеттері

1. Колледжішілік тәртіпті қамтамасыз ету.
2. Студенттер тарарапынан тәртіп бұзушылықтар оның алдын алу.

3. Жасөспірімдердің спирттік ішімдіктер, есірткі және темекі өнімдерін тұтынуының алдын алу бойынша колледж медбикесімен бірге профилактикалық жұмыстармен айналысу.

"Арлан" полицияға жәрдемдесу жасағын көтермелеген шаралары

1. Колледждің қоғамдық өміріне қатысатын жасақтың есептік істерін жүргізетін кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекторлар ішкі істер органының басшылығына оларға көтермелеген шараларын қолданудың орындылығы туралы дәлелді ұсыныспен ұсынылатын талдамалық анықтаманы ресімдей отырып, олардың қызметтіңің жарты жылдық бойынша талдайды.

2. Отрядты көтермелеген шаралары:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) грамоталармен марапаттау;

"Арлан" полицияға жәрдемдесу жасағының жұмысын ұйымдастыру директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары бекітетін бір жылға жасалатын жоспарларға сәйкес жүргізіледі.

"Арлан" полицияға жәрдемдесу жасағының жұмыс нәтижелері туралы жасақ жетекшісі кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекторға және директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарына баяндайды. "Арлан" полицияға жәрдемдесу жасағының құрам саны шектеусіз.

Директордың тәрбие жұмысы
жөніндегі орынбасары



Аубакирова А.М.